



Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін жария етудің 2001 жылға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 мамыр N 712

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының беделін одан әрі нығайту және олардың қызметін қамтамасыз етуде бірыңғай ақпараттық-насихаттық жүйені қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін жария етудің 2001 жылға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылары Бағдарламада айқындалған іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және олардың орындалуы жөніндегі ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі айдың 3-ші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім м и н и с т р л і г і н е ұ с ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі Бағдарламадағы тапсырмалардың орындалуы туралы жиынтық ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 24 мамырдағы
N 712 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін
жария етудің 2001-ші жылға арналған бағдарламасы

Астана, 2001 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының
2001-ші жылға арналған қызметін баспасөзде
жариялау бағдарламасы

Әзірлеуге негіздеме Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның және
"Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігі
туралы" Конституциялық заңы қабылдануының 10
жылдығына арналған іс-шаралар туралы" Қазақстан
Республикасы Президентінің Әкімшілігі Жетекшісінің
2000 жылғы 14 маусымдағы N 16-9/43 ДСП тапсырмасы

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігі

Негізгі орындаушылар Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті
атқарушы органдары

Бағдарламаны іске 2001 жыл
асыру мерзімі

Бағдарламаны Республикалық және жергілікті бюджеттердің
қаржыландыру көздері қаражаттары

2. Кіріспе

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жағымды имиджін нығайту, олардың қызметін ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру мақсатында, сондай-ақ "2000-2002 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысында белгіленген шараларды дамыту үшін әзірленген.

Бұған дейін Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Үкімет және министрліктер, әкімдер аппараттары мен БАҚ-тардың арасындағы ақпарат алмасуды үйлестірудің Схемасын жасағанымен мұндай бағдарламаның алғаш әзірленіп отырғанын атап өткен жөн.

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының 2001 жылға арналған негізгі ақпараттық-насихаттық іс-шараларының кешенін айқындайды, оларды іске асырудың тәсілдері мен талаптарын белгілейді.

3. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қоғамның одан әрі демократияландырылуы, қазақстандық ақпараттық кеңістіктің күрделенуі және кеңейуі жағдайында әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы Қазақстан жетістіктерін насихаттауға бағытталған бірыңғай мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу проблемасы мейлінше өзекті сипат алуда. Мемлекеттік органдардың, олардың қызметтерінің ақпараттық-насихаттық жұмысының рөлі артуда.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі аталған жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар шаралар әзірледі. Оларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жатқызуға болады, оған Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 қарашада жаңадан тағайындалған Үкімет мүшелерінің ант қабылдау рәсімі барысында сөйлеген сөзінен туындайтын тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары бекіткен (2000 жылғы 28 наурыздағы N 4067) орталық атқарушы органдар басшыларының баспасөз-мәслихаттарын өткізу кестесі және елдің аймақтарына жұмыс сапарлары кезіндегі барлық деңгейдегі БАҚ өкілдерімен міндетті түрде кездесулер өткізу туралы оның министрліктер мен ведомстволардың басшыларына берген тапсырмасы (2000 жылғы 24 сәуірдегі N 4630) е н г і з і л д і .

Нәтижелі жұмысты жалғастыру және мемлекеттік ақпараттық саясаттағы

барлық субъектілердің іс-қимылдарының бірыңғайлығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтерінің жұмысын бір жүйеге салуға және үйлестіруге бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылуы тиіс.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының беделін нығайту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтері жұмысының нормативтік құқықтық базасын ж е т і л д і р у ;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының беделін

қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру;

- Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының ақпараттық-насихаттық қызметтерін үйлестіру және өзара тиімді іс-қимыл жасауының тетіктерін әзірлеу.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

5.1. Қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары осы бағдарламаны іске асыру мақсатында:

- мемлекеттік органдардың қызметтерін қамтамасыз етудің ақпараттық-насихаттық кешенді жүйесін құруға;

- жұртшылықпен байланыстың, мемлекеттік органдардың қызметіне түсініктеме беру жөніндегі тұрақты жүйені құруға;

- мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық қызметін материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік органдардың баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтерін кадрлармен нығайтуға бағытталған тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ өзге де шешімдерді қабылдауы қажет.

Ең алдымен, төменнен жоғарыға дейінгі мемлекеттік органдардың баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтерін құру процесін аяқтау қажет. Орталық және жергілікті атқарушы органдарда, функцияларына жұртшылықты және бұқаралық ақпарат құралдарын тиісті органдардың жұмыстары туралы хабардар ету, осы органдар және БАҚ-тардың арасында өзара іс-қимыл жасау мен ынтымақтастық процестерін

үйлестіру ақпараттық-насихаттық қызметті тікелей жүзеге асыру мәселелері кіретін құрылымдар немесе штат бірліктері құрылуы тиіс.

Бұл ретте, орталық және жергілікті атқарушы органдардың баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтерінің санын нормативтік құқықтық деңгейде анықтау қажет:

министрліктер және облыс әкімшіліктері үшін - 4 адамнан кем емес бөлім; кадрлық саны 100 қызметкерден аспайтын республикалық ведомстволар мен басқа да мемлекеттік органдар үшін - 2 адамнан кем емес сектор; жергілікті органдар үшін - штат кестесіндегі баспасөз хатшысының бірлігі.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтері олардан төменгі ұйымдардан осындай құрылымдарының жұмысын үйлестіру функцияларына ие болу керек.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының сөздерінің (брифингтерінің, баспасөз-мәслихаттарының) кестесі, олардың қызметтерін жария етудің күнтізбелік және оқиғалық медиа-жоспарларын жүйелі қабылдауды қамтамасыз ету, оларды бақылау мен есеп берудің нақты тетіктерін айқындау қажет.

Қоғам өмірін кезең кезеңімен демократияландыру және ырықтандыру бағдарламасы мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы қарым-қатынастардың тетіктерінің өзгеруі керектігін меңзейді. Оның шешуші элементтерінің бірі, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде өзінің тиімділігін дәлелдеген, басылымдар және электронды БАҚ-тар арқылы мемлекеттік тапсырысты орналастыру жүйесі болып табылады.

Осыған байланысты аймақтық мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта құра отырып, оларды кезең-кезеңімен қайта ұйымдастыру бағдарламасын қабылдау қажет. Облыстық және аудандық (қалалық) мемлекеттік БАҚ-тар үшін мемлекеттік тапсырысқа көшу жөніндегі аймақтық жобалар жасау бұл бағыттағы алғашқы қадам болып табылар еді. Түрлі деңгейдегі әкімдер аппараттары, ақпараттық-насихаттық жұмысқа жалпымемлекеттік көзқараспен келуді, әрбір нақты аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі мемлекеттік тапсырыстың аймақтық жобаларын әзірлеуі тиіс. Мемлекеттік тапсырысты алуға құқық беру тендер арқылы ашық және жариялылық жағдайында жүргізілуі тиіс. Мемлекеттік органдар БАҚ-тардағы салалық ақпараттық науқандарды республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландыруды жоспарлай және жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық қызмет бағдарламасы ақпараттық-насихаттық топтарды құруды, қалың жұртшылықпен (ұжымдардағы және кәсіпорындардағы кездесулер, елді мекендерге бару, азаматтарды қабылдау) тұрақты кездесулер өткізуді, мақсатты топтармен (консультациялық кеңестері, "дөңгелек столдар", ақсақалдар кеңесі, сарапшылар кеңесі, БАҚ редакторларының клубы және т.б

.) қоса алғанда, жұртшылықпен тұрақты байланыс орнатып, жұмыс істеуді көздеуі тиіс.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар өздері қабылдайтын түйінді шешімдер туралы (баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз релиздері және баспасөз пакеттерін тарату, баспасөз турларын ұйымдастыру, мақсатты аудиторияларға мекен жайлары бойынша жіберу, Интернет желісінде тұрақты веб-сайттар құру және т.б.) жұртшылыққа тұрақты ақпараттар беру тәртібін анықтайтын қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдаулары тиіс. Осы шешіммен, сондай-ақ таратылуға міндетті ақпараттың тізбесі мен форматы анықталуы (баспасөз-релиздері, баспасөз-топтамалары, іс-шаралар жоспарлары, басқа да ақпараттық-анықтамалық материалдар), жалпы жұрт қол жеткізе алатын бірыңғай дерекқор құрылуы тиіс.

Мемлекеттік органдар басшылары баспасөз қызметтерін, жұртшылықпен байланыс қызметтерін, ақпараттық-насихаттық топтарды, ақпарат орталықтарын материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде тиісті шараларды қ а б ы л д а у ы т и і с .

Республикалық және аймақтық деңгейлерде баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтері қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін тұрақты арттыру, оң тәжірибемен алмасу, олардың қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету тетігі жасалуы тиіс. Жұртшылықпен байланыс жөнінде мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары үшін ақпараттық және PR-технологиялары отандық бағдарламалар мен оқулықтар әзірлеу жөнінде шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жанында ұйымдастырылып жүрген баспасөз хатшылары және жұртшылықпен байланыс үшін жауапты адамдарға арналған семинарлар өткізу практикасын жалғастыру қажет.

5.2. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Бағдарлама Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық-насихаттық қызметінің бірыңғай жүйесін құруға, мемлекеттік өкімет пен тұтас алғанда, мемлекеттің беделін нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру үшін Іс-шаралар жоспары әзірленіп, олардың уақытылы және сапалы орындалуы үшін жеке жауапкершілік Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары басшыларына жүктелген, онда жұмыстардың белгіленген бағыттарын орындау жөнінде нақты шаралар белгіленген.

6. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен іске

асырылады. Бағдарламаны іске асыруға халықаралық қаржы ұйымдарының немесе донор елдердің гранттары тартылуы мүмкін.

7. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде:

- республикалық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық қызметінің бірыңғай жүйесін құру үшін негіз қаланатын болады ;

- мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық қызметінің қажетті нормативтік құқықтық базасы, баспасөз және жұртшылықпен байланыс қызметтердің жұмысы жақсарды ;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының баспасөз және

жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтері жұмысының тиімділігі артады;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметі мен олардың қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі қызметінің ашықтығы және "мөлдірлігі" қамтамасыз етіледі;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көкейкесті әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелерді шешу жөніндегі қызметі туралы халықтың ақпараттану деңгейі көтеріледі.

8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН

ЖАРИЯ ЕТУДІҢ 2001 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

N ! Іс шара ! Іске асыру нысаны! Орындау ! Жауаптылар
п/п! ! мерзімі !

1 Орталық және Қазақстан жарты жылда МАҚКМ, орталық жергілікті атқарушы Республикасының бір рет атқарушы органдар, органдар басшыларының Үкіметіне ақпарат облыстардың, Астана БАҚ-да сөйлейтін және Алматы сөздерінің қалаларының (брифингтерінің) әкімдері кестесін бекіту

2 Қазақстан Республикасы Қазақстан жарты жылда Премьер-Министр

Премьер-Министрінің Республикасының бір рет Кеңесінің сөйлейтін сөздерінің, Премьер-Министрі Үкіметтік ақпарат баспасөз-мәслихаттар. өкімінің жобасы бөлімі нының кестесін бекіту

3 Орталық және Қазақстан мамыр МАҚКМ, орталық жергілікті атқарушы Республикасының атқарушы органдар, органдардың қызметін Үкіметіне ақпарат облыстардың, Астана жария етудің және Алматы бағдарламаларын қалаларының бекіту әкімдері

4 Қазақстан Республика. Қазақстан Желтоқсан МАҚКМ, орталық сының орталық және Республикасының атқарушы органдар, жергілікті атқарушы Үкіметіне ақпарат облыстардың, Астана органдарда баспасөз және Алматы қызметін құру немесе қалаларының баспасөз хатшысы әкімдері лауазымын енгізу процесін аяқтау, оларды кадрлық және материалдық-техникалық нығайту жөнінде шаралар қабылдау

5 Орталық атқарушы Қазақстан Мамыр СІМ, МАҚКМ органдарда отандық Республикасының және шетелдік БАҚ-ды Үкіметіне тіркеуді қамтамасыз ақпарат ету, оларды түйінді және жұмыс мәжілістеріне шақыру

6 Орталық атқарушы Қазақстан Тоқсан МАҚКМ, ҚР органдар қабылдаған Республикасының сайын Үкіметінің түйінді шешімдер туралы Үкіметіне Экономикалық бұқаралық ақпарат ақпарат ақпарат орталығы, құралдарың, ақпарат орталық атқарушы агенттіктерін кеңінен органдар,

хабарландыруды
қамтамасыз ету

облыстардың, Астана
және Алматы

қалаларының
әкімдері

- 7 "Интернет" дүниежүзілік Қазақстан Қыркүйек МАҚКМ, ҚМ, ККМ
жүйесінде орталық және Республикасының орталық атқарушы
жергілікті атқарушы Үкіметіне органдар,
органдардың веб-сайт. ақпарат облыстардың, Астана
тарын ашу туралы және Алматы
мәселені қарау қалаларының
әкімдері
- 8 Электронды почта арқылы Қазақстан Шілде, МАҚКМ, ҚР
бұқаралық ақпарат Республикасының желтоқсан Үкіметінің
құралдарына, халық. Үкіметіне Экономикалық
аралық ұйымдарға, ақпарат ақпарат орталығы,
орталық және жергілікті орталық атқарушы
атқарушы органдардың органдар,
қызметтері туралы облыстардың, Астана
ақпараттық материалдарды және Алматы
тұрақты жіберіп отыруды қалаларының
қамтамасыз ету әкімдері
- 9 Орталық және жергілікті Қазақстан Шілде, МАҚКМ,
атқарушы органдардың Республикасының желтоқсан орталық атқарушы
баспасөз және жұртшы. Үкіметіне органдар,
лықпен байланыс қызмет. ақпарат облыстардың, Астана
терінің басшыларын және Алматы
тұрақты оқытуды қалаларының
жүргізу әкімдері
- 10 Орталық және жергілікті Қазақстан Шілде, МАҚКМ
атқарушы органдардың Республикасының қараша
электрондық мекен- Үкіметіне
жайлары, баспасөз ақпарат
қызметтерінің телефон.
дары және факстері
туралы мәліметтермен

біртұтас деректер
банкін тұрақты
толықтырып отыру

11 Атқарушы органдар Қазақстан Шілде МАҚКМ, Статистика
сайттарын Қазақстан Республикасының жөніндегі агенттік,
туралы, статистикалық Үкіметіне орталық атқарушы
және басқа да ақпарат ақпарат органдар
тық деректерді қамтып,
ақиқатты мәліметтермен
қамтамасыз етудің
схемасы бойынша нақты
ұсыныстар дайындау

12 Облыстардың және эконо. Қазақстан Желтоқсан МАҚКМ,
мика салаларының жағ. Республикасының орталық атқарушы
дайлары туралы арнайы Үкіметіне органдар,
ақпараттық және бедел ақпарат облыстардың, Астана
жасайтын басылымдар және Алматы
шығару, БАҚ-ға, ақпарат қалаларының
агенттіктеріне, әкімдері
халықаралық ұйымдарға,
Қазақстанның шетел
елдердегі елшілеріне
берілуін көздеу

13 Жоғары оқу орындарында Нормативтік Қыркүйек БҒМ
мамандарды даярлауға құқықтық
және оқытуға берілетін кесімнің
мемлекеттік тапсырысқа жобасы
арнайы оқу бағдарлама.
ларын, ақпараттық және
PR-технологиялар
жөнінде арнайы
курстарды енгізуді
көздеу

14 Жоғары оқу орындары Қазақстан Қыркүйек БҒМ
үшін арнайы зерттеулер, Республикасының

оқу бағдарламаларын, Үкіметіне
ақпараттық және ақпарат
PR-технологиялар
жөнінде оқулықтар мен
оқу бағдарламаларын
дайындауға конкурстар
өткізу

15 Қазақстан Республикасы Қазақстан Шілде, МАҚКМ,
атқарушы органдарының Республикасының желтоқсан орталық атқарушы
баспасөз және жұртшы. Үкіметіне органдар,
лықпен байланыс қызмет. ақпарат облыстардың, Астана
тері жұмысының тиімді. және Алматы
лігіне тұрақты талдау қалаларының
жасау әкімдері

16 Елдің аймақтарына Қазақстан Қараша МАҚКМ,
ведомствоаралық ақпа. Республикасының орталық атқарушы
раттық-насихаттық Үкіметіне органдар,
топтардың сапарға шығу ақпарат облыстардың, Астана
практикасын жалғастыру және Алматы
қалаларының
әкімдері

17 Негізгі аймақтық мемле. Бекітілген Желтоқсан МАҚКМ,
кеттік БАҚ-тарды жеке. бағдарлама орталық атқарушы
шелендірудің және ак. туралы органдар,
ционерлендірудің кезең. Қазақстан облыстардың, Астана
дік аймақтық бағдарла. Республикасының және Алматы
маларын әзірлеу Үкіметіне қалаларының
ақпарат әкімдері

18 Аймақтық БАҚ-тар арқылы Әкімдердің Желтоқсан МАҚКМ,
мемлекеттік ақпараттық шешімі облыстардың, Астана
саясат жүргізуге мем. туралы және Алматы
лекеттік тапсырысты Қазақстан қалаларының
орналастыруға көшу Республикасының әкімдері
жөніндегі шаралар Үкіметіне
қабылдау ақпарат

19 Қоғамдық пікірді зерт. Қазақстан Қыркүйек МАҚКМ,
тейтін тәуелсіз және Республикасының облыстардың, Астана
беделді қызмет орын. Үкіметіне және Алматы
дарына арнайы зерттеу. ақпарат қалаларының
лер жүргізуге мемлекет. әкімдері
тік тапсырысты орналас.
тыруға қажетті шара.
ларды қабылдау

20 Жергілікті атқарушы Әкімдердің Мамыр МАҚКМ,
органдардың баспасөз шешімі облыстардың, Астана
және жұртшылықпен туралы және Алматы
байланыс қызметтерін Қазақстан қалаларының
үйлестіру мақсатында Республикасының әкімдері
арнайы ақпарат Үкіметіне
орталығын құру туралы ақпарат
мәселені қарастыру

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.